№6 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: мамыр 2026 жыл
Қатысқандар: 7
Төрайымы: А.Б.Сарбасова
Хатшы: А.Д.Тәңірберген

Күн тәртібінде:

1. «Амаль-2021» ЖШС «Аяла» балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

Тыңдалды:

«Аяла» балабақшасының меңгерушісі А.Б. Сарбасова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып, бөбекжай-балабақша қызметіне өзін-өзі бағалау бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

«Амаль-2021» ЖШС «Аяла» балабақшасының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды негізге алып жұмыстар жүргізілсін.

«Аяла» балабақшасының қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2026 жылдың 02–25 шілде аралығы болып бекітілсін.

«Аяла» балабақшасының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігі анықталсын.

«Аяла» балабақшасының қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмысы кезінде комиссия мүшелеріне бағалау өлшемшарттарына сәйкес зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Пед. кеңес төрайымы: А.Б.Сарбасова

Хатшысы: А.Д.Тәңірберген

Scanned with CamScanner